

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UTDL9338>

**А. Ш. Кабжанова¹, *Қ. С. Ергалиев², М. А. Уайханова³,
Б. Ж. Сарыбаева⁴, С. Ж. Ергалиева⁵**

^{1,2,4}Ө. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

^{3,5}Торайгыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-3157-0428>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0479-6088>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6912-4824>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1096-8918>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2832-6996>

*e-mail: ergaliev1976@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕГІ МИФОЛОГЕМАЛАРДЫҢ НОМИНАТИВТЕРІ

Интернет дамуымен бірге қоғамда жаңа қарым-қатынас түрлері пайда болып, өмір салаларын едәуір өзгерткені айқын. Зерттеудің басты мақсаты – интернет-түсіндірмелердегі ұлттық ерекшеліктерді көрсететін мифологемаларды анықтау, олардың номинативтік сипаттамаларын талдау. Мифологемаларды ұлттық дүниетанымдық құндылықтар тұрғысынан лингвомәдени және лингвоаксиологиялық контексте зерттеу күнделікті виртуалды дискурс материалы негізінде жүргізіледі. Мұнда виртуалды тілдік тұлға мен мәтіннің аксиологиялық құрамдас бөлігі арасындағы өзара әрекетке ерекше көңіл бөлінеді. Ол тілдік құралдар арқылы көрініс табатын ұлттық дүниетанымның элементі есебіндегі сөздер – мифологемаларды зерделеу арқылы жүзеге асырылады. Интернет-түсіндірмелердегі мифологемаларды қарастыруда тілдік деректерді жинақтау және контекстуалды талдау әдістері, салыстырмалы-салғастырмалы және сипаттамалы әдістер, сандық есептеу әдісі қолданылды. Сонымен қатар мәтіндердегі лингвомәдени және лингвоаксиологиялық талдау әдістерінің элементтері де пайдаланылды. Зерттеу нәтижелерінен

байқағандай, интернет-түсіндірмелерде анықталған мифологемалар құндылық маркерлерін көрсетіп, антропонимдер, теонимдер, мифонимдер, геополитонимдер, мифопатонимдер, топонимдер және информонимдер сынды номинативтік типтерді белгілеуге мүмкіндік тудырды. Бұл параметрлер қазақ лингвомәдениетінің құндылық негізін танытады және дүниетаным мен фондық білімді бейнелеп қана қоймай, ұлттың тарихы, әдебиеті мен мәдени өмірі туралы ақпарат береді.

Кілтті сөздер: мифологема, интернет-түсіндірме, номинативтер, құндылық, виртуалды дискурс, лингвомәдениет.

Кіріспе

Қалыптасу, даму тарихында адамзат қарым-қатынас сипатын түбегейлі өзгертетін белгілі бір кезеңдерді бастан өткерді. Бұл кезеңдер ақпараттық тұрғыдағы революциялар болып табылады, өйткені олар ақпаратты өңдеу, тарату және сақтау тәсіліне өзіндік із қалдырды. Біріншісі – жазудың дүниеге келуі; екіншісі – кітап басылымы; үшіншісі – электр энергиясын ойлап табудың арқасында пайда болған телеграф, телефон, радио, кейінірек теледидардың шығуы; төртіншісі – микропроцессорлық технологияның, дербес компьютердің, компьютерлік желілердің пайда болуы индустриалды типтегі қоғамды ақпараттық қоғамға айналдырып, жаңа даму кезеңін бастан кешіруде [1, 515-б.].

Ақпараттық қоғамда компьютер (әрине, ақпаратты өңдеудің барлық қызметтерін өзіне қалдыра отыра) байланыс құралы ретінде қарастырылады. Қазіргі өмірдің қарқыны үнемі өзгеріп, жетілуде. Осыған орай техникалық құралдардың көмегінсіз адам өмірдің ритміне ілесе алмайды. Әлеуметтік желіде адамдар пайдалы ақпараттарды іздейді, сауда-саттық жасайды, жұмыс істейді, ресми байланыстар орнатады, танысады, қатысымға түседі және т.б. Қазіргі кезде интернет тек өзгертілген байланыс арнасы ғана емес, сонымен бірге жаңа әлеуметтік-мәдени орта да болып табылады. Оның қалыптасуы жайында ғылымның түрлі салаларында интернет зерттеушілері әр алуан пікір білдіруде. Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуына орай пайда болған коммуникативтік орта қарым-қатынастың барлық аспектілеріне айтарлықтай із қалдырды.

Күнделікті өмірдің осындай бөлігі – шынайы қарым-қатынас барысындағы адамның табиғи сөйлеуі (шынайы байланыста қатысушылар ешқандай техникалық құралдарды қолданбай-ақ өзара қарым-қатынас орната алады; техникалық құралдар арқылы байланыс жасау виртуалды қарым-қатынас болып шығады, онда табиғи тілдің түрі өзгереді). «Н. Б. Лебедева ұсынған «табиғитіл» термині Е. А. Земская, М. В. Китайгородская,

Е. Н. Ширяев монографияларында қолданылатын «ауызекі сөйлеу» ұғымымен байланысты. Зерттеушілер сөйлеудің ауызша түрін сипаттауға назар аударғандықтан, «ауызекі сөйлеу» ұғымы ұзақ уақыт бойы тек онымен байланысты болды. Алайда «ауызша» және «тілдесім» терминдері сөйлеу әрекетін әртүрлі қырдан сипаттайды. Е. А. Земская сөйлеу тілінің жазбаша формасының болу мүмкіндігін көрсетеді; «жазбаша сөйлеу тілі» терминін Н. Б. Лебедева, Г. Н. Трофимова, Н. Д. Голев және т.б. қолданады» [2, 12-б.].

Интернеттегі бейресми байланыс табиғи жазбаша тілдің барлық конститутивті белгілеріне жауап береді: ол күнделікті (қарапайым) қарым-қатынас барысында жүзеге асырылады, спонтанды (алайда спонтанды дәрежесі әр форматта әртүрлі), автор мен адресаттың өзара әрекеттесу процесінде мәтінді құрастырушы мен оның құрылу жағдайын алшақтататын аралық инстанциялар болмайды.

Қазіргі лингвистикадағы көптеген зерттеулердің нысаны бастапқы және туынды мәтін жанрлары болып табылады. Мәтіндер қабылдау, түсіну және жасалуына байланысты түрлі қырдан зерделенуде, яғни лингвистер «әртүрлі типтегі бастапқы мәтін қызметінің нәтижесі ретіндегі» туынды мәтіндерді саралауда [3, 33-б.]. Туынды мәтін ретінде мыналар қарастырылады: пародия [4]; экспозиция, эссе, реферат, реферат [5]; дәйексөз [6]; киносценарий [7]; аннотация және кітап жарнамалық эссе [8]; түсініктеме [9], интернет-түсініктеме [10]. С. В. Ионова туынды мәтін деп авторды ауыстыру арқылы басқа, бастапқы мәтін негізінде жасалған мәтінді түсінеді. Ол «автордың бір ниеті мен мағыналық доминантын басқа бір ниет пен мағыналық доминантқа ауыстыру» деген мәнді білдіреді [11, 34-б.]. Ғалым бастапқы және туынды мәтіндердің мазмұндық компоненттерінің сәйкестігін атап өтеді.

Қысқасы, мақаланың бастапқы мәтініне қарағанда туынды болып табылатын түсіндірме мәтіні табиғи жазбаша тілдің бір түрі ретінде танылады, өйткені ол коммуникацияның аталған түрінің барлық белгілеріне ие болады, яғни тілдік деңгейлерде (ауызекі сөйлеу тіліне тән сөйлем құрылымдарының, бейпіл және боқтық сөздерді қоса алғанда стилистикалық тұрғыдан нақышталған лексиканың қолданысында) көрінетін қарапайым қарым-қатынас саласына енеді.

Табиғи жазбаша тілдің өнімдері әртүрлі субстраттарда, сонымен қатар интернет мәтіндерінде көрініс табады, мұндай мәтіндер жазбаша нысан, табиғилық, қарапайымдылық сияқты басым белгілермен ерекшеленеді. «Күнделікті өмірдің құндылығын мойындай отырып, демократиялық деп аталатын дүниетанымдағы өзгерістерде жалпы, соның ішінде филологиялық объектілерге деген гносеологиялық толеранттылық сезіле

бастады» [12, 16-б.]. Бұл белгілердің интернет-түсіндірме мәтіндеріне қатыстысын қарастыралық.

Интернет-түсіндірме мәтіндерін талдау барысында олардың спонтандылығы байқалады, яғни сайтқа кірушілердің кез келгені сайттың арнайы бөлінген кеңістігінде (бөлімінде) өз пікірін қалдыра алады.

Қазіргі заманғы зерттеулердің «қарапайым тіл» көрінісіне баса назар аударуы интернет-түсіндірме мәтіндеріндегі қарапайымдылық олқылық болып табылмайтындығын дәлелдеді. Керісінше, жазбаша интернет-коммуникацияның «канонизацияланбауы» қарапайым түсіндіруді көруге мүмкіндік береді, ал күнделікті қолданушылар жасаған және әртүрлі терминдермен – күнделікті, қарапайым, стихиялық, бейресми және т.б. – белгіленген мәтіндер «адамзат құжаттары атағына ие бола алады» [12, 19-б.].

Қысқасы, интернет-түсіндірме мәтіндерінің табиғи жазбаша тілдің негізгі параметрлерімен сәйкестігі оны «түсіндірменің» «қағаз» жанры негізінде өзгертілген желілік (цифрлық) жанр ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Интернет-түсіндірме жанры номинативті мәнге ие, жеткілікті түрде еркіндік әрі өзгергіштікпен сипатталады, оқиғалар мен пікірлерді бағалаудың коммуникативтік мақсатын жүзеге асырады, автордың «Мен» бейнесін бейнелейді, сонымен бірге электронды субстратта болады және өзге жанрлар мен сөйлеу стилінің элементтерін біріктіреді.

Интернет-түсіндірмелер қоғамның құндылық қатынастарының қасиеттерін көрсететін алуан түрлі маңызды мәдени компоненттерді қамтиды. Бұл ұлттық сананың көріністерін модельдейтін лексикалық бірліктердің бірқатар мифологиялық, фольклорлық және салт-дәстүрлік мағыналарын жаңартуға негіз болады [13].

Зерттеуде әлемнің мифологиялық көрінісі қарастырылады, түрлі тақырыптағы мақалаларға білдірілген интернет-түсіндірме мәтіндеріндегі мифологемалар талданады. Әлем бейнесі ұғымы адамның әлем туралы түсініктерін зерттеу негізінде қалыптасады.

Зерттеу нысаны: интернет-түсіндірмелерде қолданылған мифологемалар.

Мақсаты – интернет-түсіндірмелердің ұлттық белгілерін көрсететін мифологемаларды зерделеу, оның номинативтік ерекшеліктерін айқындау.

Осы мақсатқа қол жеткізу барысында мынадай міндеттерді шешу көзделді:

– интернет-түсіндірмелерде көрініс табатын белгілі бір халық мәдениетінде кең таралған мифологиялық сюжеттерді, бейнелерді, яғни мифологемаларды жинақтап, мән-мағынасын ашып талдау, ерекшеліктерін айқындап, атқаратын қызметін саралау;

– номинативтік ерекшеліктерін айқындап, оларды топтарға жіктеу.

Материалдар мен әдістер

Жұмыс барысында алға қойылған мақсат-міндеттерге орай тілдік деректерді жинақтау және контекстуалды талдау әдістері, салыстырмалы-салғастырмалы және сипаттамалы әдістер, сандық есептеу әдісі қолданылды. Сонымен қатар мәтіндердегі лингвомәдени және лингвоаксиологиялық талдау әдістерінің элементтері де пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Мәдени құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерді білдірудегі олардың рөлін талдау үшін қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі әртүрлі номинациялардың пайдалану жайы қарастырылды. Номинативтер *антропонимдер, теонимдер, мифонимдер, геополитонимдер, мифопатонимдер, топонимдер және информонимдер* сынды жеті топқа жіктелді. Нәтижесі кестеде көрсетілген. Онда аталған номинативтер қазақстандық онлайн қарым-қатынастың мифологемалар төңірегіндегі дискурсына қандай үлес қосады дегенге түсінік беріледі.

1-кесте – Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі номинатив түрлері

Номинатив түрлері	Номинатив мысалдары	Сипаттамасы
Антропонимдер	Абай Құнанбайұлы, Нұрсұлтан Назарбаев	Ұлттық мақтаныш немесе тарихи контекст тудыратын тарихи және мәдени қайраткерлер.
Теонимдер	Ұлық, Ер Төстік	Мәдени немесе тарихи параллельдерді жүргізу үшін қолданылатын мифологиялық кейіпкерлер.
Мифонимдер	Қ а з а қ т ы н тағдыр тасы, алматылық аң	Мәдени мұраны немесе мифологиялық тақырыптарды бейнелейтін ойдан шығарылған нысандар немесе сюжеттер.
Геополитонимдер	Қазақстан, Орталық Азия, Қырғызстан	Геосаяси контексте талқылау үшін қолданылатын аймақтық атаулар.
Мифопатонимдер	Қазақ қызбасы, дала ауруы	Әлеуметтік немесе эмоционалды жағдайларды сипаттайтын метафоралық терминдер.
Топонимдер	Алматы, Нұр- Сұлтан, Каспий теңізі	Белгілі бір жерлермен мифтер мен мәдени байланыстарды бекітетін географиялық атаулар.

Информонимдер	Tengri News, Kazakh Daily	Мифологиялық әңгімелердің таралуына ықпал ететін БАҚ атаулары.
---------------	------------------------------	--

2-кесте – Түсіндірмелердегі номинативтерді бөлу және белгілеу

Номинатив түрлері	Пайдалану жиілігі	Пайдалану мақсаты
Антропонимдер	45	Тарихи маңыздылық пен ұлттық мақтаныш сезімін ояту.
Теонимдер	25	Мәдени немесе мифологиялық параллельдер жасау.
Мифонимдер	30	Мифтік немесе аңызға айналған тақырыптарды суреттеу.
Геополитонимдер	20	Геосаяси шеңбердегі талқылауларды контекстілеу.
Мифопатонимдер	15	Әлеуметтік немесе эмоционалдық жағдайларды метафоралық түрде сипаттау.
Топонимдер	35	Мифтер мен әңгімелерді белгілі бір жерлермен байланыстыру.
Информонимдер	10	Мифологиялық әңгімелерді таратудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін атап өту.

Номинативтерді талдау қазақстандық интернет-пайдаланушылардың мәдени және тарихи сілтемелермен байланысының түрлі заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік тудырды. Тарихи және мәдени қайраткерлердің бейнелері, яғни Абай Құнанбайұлы мен Нұрсұлтан Назарбаев сияқты антропонимдер ұлттық мақтаныш сезімін ояту мен қазіргі заманғы проблемаларды Қазақстан мұрасымен байланыстыруда кеңінен пайдаланылады. Аталған қайраткерлер көбінесе ұлттық бірегейлік пен тарихи сабақтастықты суреттейді, пайдаланушылар арасында ортақ мәдени мұра сезімін қалыптастырады.

Теонимдер мен мифонимдер дискурсқа, соның ішінде мифологиялық және ойдан шығарылған элементтерге терең мән жүктейді. Ұлық пен Ер Төстік сынды тұлғаларға немесе «Қазақтың тағдыр тасы» сияқты объектілерге сілтемелер жасау талқылауды мәдени және мифологиялық маңызы бар қабаттармен байытады. Аталған номинативтер мифологиялық тақырыптардың қазіргі тәжірибесін түсіндіру әрі түсіну үшін қалай қолданылатынын көрсететін дәстүрлі мифтер мен қазіргі қоғамдық мәселелер арасында параллельдер жасайды.

Қазақстан, Орталық Азия және Қырғызстан сияқты геополитонимдер жергілікті мәселелерді өңірлік және халықаралық перспективаларға орналастыра отырып, кең геосаяси контекстегі дискурсты жасайды. Мұндай

пайдалану қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі талқылаулардың Қазақстанның геосаяси динамикасы мен өңірлік позициясына тәуелді болатындығын көрсетеді.

Қазақ қызбасы немесе дала аурулары сияқты мифопатонимдер әлеуметтік немесе эмоционалды жағдайларды сипаттайтын метафоралық әдістер ретінде қызмет етеді. Аталған терминдер аурулар мен белгілі бір жағдайлардың метафоралық тұрғыда әлеуметтік құбылыстармен қалай байланысты болатындығын аңғартады, сонымен қатар мифологиялық тұжырымдардың қазіргі мәселелерді сипаттау мен талдауда қалай қолданылатындығы жайлы түсінік береді.

Алматы, Нұрсұлтан және Каспий теңізі сияқты топонимдер мифологиялық әңгімелерді белгілі бір географиялық орындармен байланыстырады, мәдени сілтемелерді белгілі бір жерлермен тоғыстырады. Топонимдерді осылай қолдану шынайы әлем географиясындағы дерексіз мифологиялық тұжырымдамаларды негіздейтін Қазақстанның мифтері мен физикалық ландшафты арасындағы байланысты күшейтеді.

Информонимдер мифологиялық әңгімелерді қалыптастыру мен таратудағы БАҚ рөлін көрсетеді. Tengri News және Kazakh Daily сияқты бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) цифрлық платформалардың мәдени дискурсқа әсерін көрсете отырып, мифологиялық тақырыптардың таралуына ықпал етеді.

3-кесте – Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі номинатив мысалдары

Номинатив түрлері	Номинатив мысалдары	Сипаттамасы
Антропонимдер	Абай Құнанбайұлы, Нұрсұлтан Назарбаев	«Абай Құнанбаевтың даналығы бізді бүгінгі күнге жетелейді», «Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығы біздің саясатымызда әлі де сезілуде».
Теонимдер	Ұлық, Ер Төстік	«Ұлық батыр секілді біз де өз құндылықтарымыз үшін күресуіміз керек», «Ер Төстіктің батылдығы біздің қазіргі көшбасшыларымызды шабыттандырады».

Мифонимдер	Қазақтың тағдыр тасы, алматылық аң	«Қазақ тағдырының тасы ұлтымыздың болашағын сақтайды». «Алматылық аң – кездесетін проблемалардың символы».
Геополитонимдер	Қазақстан, Орталық Азия, Қырғызстан	«Қазақстанның Орталық Азиядағы рөлі өте маңызды». «Біз өңірлік стратегияларымызда Қырғызстанның ұстанымын ескеру қажетпіз».
Мифопатонимдер	Қазақ қызбасы, дала ауруы	«Қазақ қызбасы біздің болашақ туралы ұжымдық дабылымызды көрсетеді». «Дала ауруы ауылдық қауымдастықтардың алдында тұрған қиындықтарды көрсетеді».
Топонимдер	Алматы, Нұр-Сұлтан, Каспий теңізі	«Алматыға мәдени мақтаныштың жанданғанын көріп отырмыз». «Нұр-Сұлтанды жаңғырту жөніндегі күш-жігер біздің ілгерілеуіміздің дәлелі болып табылады», «Каспий теңізінің маңы пайдаланылмаған ресурстарға бай».
Информонимдер	Tengri News, Kazakh Daily	«Tengri News дәстүрлі құндылықтарға қатысты өзекті мәселелерді қамтиды». «Kazakh Daily біздің ұлттық мифтерімізді талқылау үшін алаң ұсынады».

3-кестеде қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі номинативтердің әртүрлі түрлері қалай қолданылатыны туралы көрнекі мысалдар келтірілген. Олар әртүрлі номинативті категориялардың цифрлық дискурста мәдени және қоғамдық тақырыптарды білдіруге қалай ықпал ететінін түсінуге

көмектеседі. Кесте номинативтерді жеті түрге жіктейді және олардың нақты контексте қолданылуын көрсететін онлайн түсініктемелердегі нақты мысалдарды қамтиды.

Қорытынды

Қазақстандық интернет-түсіндірмелердегі мифологемаларды зерттеу қазіргі кезде өзекті болып табылады және бірнеше маңызды себептерге негізделеді. Біріншіден, цифрлық дәуірде бұл зерттеу ұлттық бірегейлік пен мәдени құндылықтардың қалыптасуы туралы құнды ақпарат ұсынады. Екіншіден, ол қоғамдағы негізгі құндылықтар мен болжамдарды, сондай-ақ қоғамдық дискурстың негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, бұл зерттеу цифрлық платформалардың мәдени мифтерін қалыптастыру мен таратудағы рөлін анықтауға көмектеседі. Зерттеу нәтижелерінен аңғарғандай, интернет-түсіндірмелерде анықталған мифологемалар құндылық маркерлерін көрсетіп, антропонимдер, теонимдер, мифонимдер, геополитонимдер, мифопатонимдер, топонимдер және информонимдер сынды номинативтік типтерді белгілеуге мүмкіндік тудырды. Осылайша, зерттеу виртуалды кеңістікте қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мен бейнелеудегі мифологемалардың маңыздылығын танытып, цифрлық коммуникация мен мәдениеттану саласында жаңа көзқарас ұсынуға, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтау мен қалыптастырудағы цифрлық дәуірдің рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Лутовинова, О. В.** Лингвокультурологические характеристики виртуального дискурса [Текст]. – Волгоград, 2009. – 515 с.

2 **Алтухова, Т. В.** Метажанровое сознание пользователей социальной сети «ВКонтакте» [Текст] / Т. В. Алтухова, Н. Б. Лебедева // Обыденное метаязыковое сознание: онтологические и гносеологические аспекты. Ч. IV: коллективная монография / Отв. ред. Н. Д. Голев. – Кемерово : Кемеровский гос. ун-т, 2012. – С. 405–416.

3 **Ионова, С. В.** Аппроксимация содержания как основное свойство вторичных текстов [Текст] / С. В. Ионова // Вестник ВолГУ. – Серия 2: Языкознание. – 2005. – №4. – С. 33–37.

4 **Вербицкая, М. В.** Теория вторичных текстов: дис. ... д-ра филол. наук [Текст] / М. В. Вербицкая. – Москва, 2000. – 312 с.

5 **Заика, В. И.** Об особенностях изложения описательного текста [Текст] / В. И. Заика // Естественная письменная речь: исследовательский и образовательный аспекты. – Часть III: Письменная речь в

психолингвистическом, лингводидактическом и орфографическом аспектах. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 2004. – С. 73–81.

6 **Арутюнова, Н. Д.** Дискурс [Текст] / Н. Д. Арутюнова // Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В. Н. Ярцева. – Москва : Советская энциклопедия, 1990. – С. 136–137.

7 **Качесова, И. Ю.** Синтаксическая композиция текстов рассказов и киносценариев В. М. Шукшина: трансформационный аспект: автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст] / И. Ю. Качесова. – Екатеринбург, 1998. – 21 с.

8 **Агаюлова, С. И.** Концепт «Интернет» в обиходном и профессиональном языковом сознании: автореф. дис. ... канд. филол. наук [Текст] / С. И. Агаюлова. – Волгоград, 2010. – 22 с.

9 **Маркелова, Е. В.** Типы текстов-комментариев [Текст] / Е. В. Маркелова // Человек – коммуникация – текст. – Вып. 2. Ч. 2. – Барнаул : Изд-во Алт. ун-та, 1998. – С. 20–22.

10 **Голев, Н. Д.** Обыденная лингвополитология: проблемы и перспективы [Текст] / Н. Д. Голев // Современная политическая лингвистика. – Екатеринбург, 2011. – С. 66–69.

11 **Асмус, Н. Г.** Лингвистические особенности виртуального коммуникативного пространства: дис. ... канд. филол. наук [Текст] / Н. Г. Асмус. – Челябинск, 2005. – 266 с.

12 **Лебедева, Н. Б.** Жанры естественной письменной русской речи: Студенческое граффити, маргинальные страницы тетрадей, частная записка [Текст] / Н. Б. Лебедева, Е. Г. Зырянова, Н. Ю. Плаксина, Н. И. Тюкаева. – Москва : Красанд, 2011. – 256 с.

13 **Yergaliyeva, S. Zh., Uaikhanova, M. A., Omarov, N. R., Yergaliyev, K. S., Assanbayeva, E. B, Ualiyeva, R. M.** Linguistic Representation of Value Dominants in Virtual Space: The Example of Kazakh and English Materials [Text] // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – No 11(3). – P. 87–96. – <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.705702>.

References

1 **Lutovinova, O. V.** Lingvokulturologicheskiye kharakteristiki virtualnogo diskursa [Linguoculturological characteristics of virtual discourse] [Text]. – Volgograd, 2009. – 515 p.

2 **Altukhova, T. V.** Metazhanrovoye soznaniye polzovatelei sotsialnoi seti «VKontakte» [Meta-genre consciousness of users of the social network «VKontakte»] [Text] / T. V. Altukhova, N. B. Lebedeva // Obydennoye metayazykovoye soznaniye: ontologicheskiye i gnoseologicheskiye aspekty.

P. IV : kollektivnaya monografiya / Exec. edit. N. D. Golev. – Kemerovo : Kemerovo State University, 2012. – P. 405–416.

3 **Ionova, S. V.** Approximatsiya sodержaniya kak osnovnoye svoistvo vtorichnykh textov [Content approximation as a basic property of secondary texts] [Text] / S. V. Ionova // Vestnik VolGU. – Series 2: Linguistics. – 2005. – №4. – P. 33–37.

4 **Verbitskaya, M. V.** Teoriya vtorichnykh textov: dis. ... d-ra filol. nauk [Theory of secondary texts: dis. ... Doctor of Philological Sciences] [Text] / M. V. Verbitskaya. – Moscow, 2000. – 312 p.

5 **Zaika, V. I.** Ob osobennostyakh izlozheniya opisatel'nogo teksta [On the specifics of presenting a descriptive text] [Text] / V. I. Zaika // Yestestvennaya pismennaya rech: issledovatel'skii i obrazovatel'nyi aspekty. – Part III: Pismennaya rech v psikholingvisticheskom, lingvodidakticheskom i orfograficheskom aspektakh. – Barnaul : Publishing House of Altai University, 2004. – P. 73–81.

6 **Arutyunova, N. D.** Diskurs [Discourse] [Text] / N. D. Arutyunova // Lingvisticheskii entsiklopedicheskii slovar / Chief edit. V. N. Yartseva. – Moscow : Sovetskaya entsiklopediya, 1990. – P. 136–137.

7 **Kachessova, I. Yu.** Sintaxicheskaya kompozitsiya textov rasskazov i kinoctsenariyev V. M. Shukshina: transformatsionnyi aspekt: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk [Syntactic composition of texts of stories and screenplays by V. M. Shukshin: transformational aspect: author's abstract. dis. ... Candidate of Philological Sciences] [Text] / I. Yu. Kachessova. – Yekaterinburg, 1998. – 21 p.

8 **Agagyulova, S. I.** Kontsept «Internet» v obikhodnom i professional'nom yazykovom soznanii: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk [The concept of «Internet» in everyday and professional linguistic consciousness: author's abstract. dis. ... Candidate of Philological Sciences] [Text] / S. I. Agagyulova. – Volgograd, 2010. – 22 p.

9 **Markelova, Ye. V.** Tipy tekstov-komentariyev [Types of commentary texts] [Text] / Ye. V. Markelova // Chelovek – kommunikatsiya – text. – Iss. 2. – P. 2. – Barnaul : Publishing House of Altai University, 1998. – P. 20–22.

10 **Golev, N. D.** Obydennaya lingvopolitologiya: problemy i perspektivy [Everyday linguopolitical science: problems and prospects] [Text] / N. D. Golev // Sovremennaya politicheskaya lingvistika. – Yekaterinburg, 2011. – P. 66–69.

11 **Asmus, N. G.** Lingvisticheskiye osobennosti virtual'nogo kommunikativnogo prostranstva: dis. ... kand. filol. nauk [Linguistic features of virtual communication space: diss. ... Candidate of Philological Sciences] [Text] / N. G. Asmus. – Chelyabinsk, 2005. – 266 p.

12 **Lebedeva, N. B.** Zhanry yestestvennoy pismennoy russkoy rechi: Studencheskoye graffiti, marginalnyye stranitsy tetradey, chastnaya zapiska [Genres of natural written Russian speech: Student graffiti, marginal pages of

notebooks, private note] [Text] / N. B. Lebedeva, Ye. G. Zyryanova, N. Yu. Plaxina, N. I. Tyukayeva. – Moscow : Krassand, 2011. – 256 p.

13 **Yergaliyeva, S. Zh., Uaikhanova, M. A., Omarov, N. R., Yergaliyev, K. S., Assanbayeva, E. B., Ualiyeva, R. M.** Linguistic Representation of Value Dominants in Virtual Space : The Example of Kazakh and English Materials [Text] // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – No 11(3). – P. 87–96. – <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2023.705702>.

05.11.24 ж. баспаға түсті.

20.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Ш. Кабжанова¹, *К. С. Ергалиев², М. А. Уайханова³,*

Б. Ж. Сарыбаева⁴, С. Ж. Ергалиева⁵

^{1,2,4}Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

^{3,5}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 05.11.24.

Поступило с исправлениями 20.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

НОМИНАТИВЫ МИФОЛОГЕМ В КАЗАХСТАНСКОМ ВИРТУАЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

С развитием интернета возникли новые формы общения, которые привели к значительным изменениям в различных сферах жизни. Целью данного исследования является выявление мифологем в интернет-комментариях, которые отражают национальные особенности, а также анализ их номинативных характеристик. Изучение ценностной национальной картины мира через мифологемы в контексте лингвокультурологии и лингвоаксиологии проводится на основе повседневного виртуального дискурса, с акцентом на взаимодействие виртуальной языковой личности и текста с аксиологическим компонентом. Это взаимодействие определяется путём выделения ключевых слов (мифологем), являющихся элементами ценностной национальной картины мира, выраженными средствами языка. Для анализа мифологем в интернет-комментариях использовались методы сбора и контекстуального анализа данных, сравнительно-сопоставительный и описательный методы, а также

метод количественного подсчёта. Также применялись элементы методик лингвокультурологического и лингвоаксиологического анализа текстов. Результаты исследования показали, что мифологемы, выявленные в текстах интернет-комментариев, отражающие ценностные маркеры, позволяют выделить следующие типы номинативов мифологем: антропонимы, теонимы, мифонимы, геополитонимы, мифопатонимы, топонимы и информонимы. Эти параметры отражают ценностную основу казахской лингвокультуры и, помимо отражения мировоззрения и фоновых знаний, предоставляют информацию об истории, литературной и культурной жизни нации.

Ключевые слова: мифологема, интернет-комментарий, номинативы, ценность, виртуальный дискурс, лингвокультура.

*A. Sh. Kabzhanova¹, *K. S. Yergaliyev², M. A. Uaikhanova³,*

B. Zh. Sarybayeva⁴, S. Zh. Yergaliyeva⁵

^{1,2,4}Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

^{3,5}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 05.11.24.

Received in revised form 20.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

NOMINATIVES OF MYTHOLOGEMS IN THE KAZAKHSTAN VIRTUAL SPACE

With the development of the internet, new forms of communication have emerged, leading to significant changes in various areas of life. The aim of this research is to identify mythologems in internet comments that reflect national characteristics and analyze their nominative features. The study of the value-based national worldview through mythologems in the context of linguocultural and linguoaxiological analysis is conducted based on everyday virtual discourse, with a focus on the interaction between the virtual linguistic personality and the text with its axiological component. This interaction is determined by identifying key words (mythologems) that are elements of the value-based national worldview, expressed through language tools. Methods of data collection and contextual analysis, comparative and descriptive methods, as well as the quantitative counting method, were used to analyze mythologems in

internet comments. Elements of linguocultural and linguoaxiological text analysis methods were also applied. The results of the study showed that the mythologems identified in the texts of internet comments, which reflect value markers, allow the identification of the following types of nominative mythologems: anthroponyms, theonyms, mythonyms, geopoliticalonyms, mythopathonyms, toponyms, and informonyms. These parameters reflect the value-based foundation of Kazakh linguoculture and, in addition to reflecting worldview and background knowledge, provide information about the history, literature, and cultural life of the nation.

Keywords: mythologem, internet comment, nominatives, value, virtual discourse, linguistic culture.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz